

### **Список литературы**

- 1 toleration – <https://plato.stanford.edu/entries/toleration/>.
- 2 Wendy Brown. Regulating Aversion: Tolerance in the Age of Identity and Empire. – <https://www.jstor.org/stable/j.ctt7st91>.
- 3 Итоги 2021 года: число мигрантов и беженцев в мире побило рекорд. – // <https://news.un.org/ru/story/2021/12/1416332>.
- 4 Эко У. Миграция, нетерпимость и нестерпимое / У. Эко // Пять эссе на тему этики. – СПб., 2000.
- 5 Курбачёва О.В. Социально-философский анализ формирования социокультурной идентичности у мигрантов / О.В. Курбачева // Геополитические вызовы и динамика современных миграционных процессов. – <https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/167161/1/48-52.pdf>. – С.52

### **ІЗГІЛІК БАСЫ – ҚҰТ**

**Жаңабаев Ж.**

*аға оқытушы, философия кафедрасы*

*С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ*

*Астана қ.*

Ізгілік – ұрпақ тәрбиесінің асыл мұраты. Дархан даламызда ұрпақтан – ұрпаққа жалғасқан мейірімділік, имандылық, әдептілік, кісілік, шарапаттылық ізетпен ілтипат білдіру – әдеп қағидалары, ұлттық тәлімнің ең өзектісі. Міне, сол асыл қасиеттеріміз от басы, ошақ қасынан басталады. Өскелең ұрпаққа ар-ұят, адамшылық, адамдық қасиеттерді ардақтау және сақтауға үздіксіз ат салысу жастар рухын шындаумен бірге, ақыл-ойы ұшқыр, көрегенді боп өсуіне негіз болады. Ал, адамдық қасиеттердің шыңы ол – ізгілік.

Ізгілік – кең түсінікті пәлсапалық категория. Ол көптеген аспектілерде қарастырылады. Этикалық категория ретінде ізгілік адамның қоғамдық және жеке өміріндегі құбылыстардың мұратқа қатысты жағымды адамшылық мәнін бейнелеп, зұлымдыққа антитеза ретінде ұсынылады. Кейбір тұстарда игілік мәнінде де түсініліп жатады. Игіліктің ізгілікке тиесілігі Әл-Фарабиде былайша тарқатылады: «Адамның игі қылықтары мен жақсы әрекеттерін жасауға көмектесетін жан қасиеттері – ізгілікті қасиеттер, ал адамның пасық істері мен оңбаған әрекеттер жасауына себепші болатындары –сұрқиялық, кемшілік немесе опасыздық болып шығады» [1, 188 б.]. Ізгі кісі қашанда өзгелерге жақсылық ойлап, жамандық атаулыдан жанын аулақ ұстайды.

Ол өзгелерге қамқор болып, көмектесіп, «тек жақсылығым тисе екен» деген ізгі ниетте ғана болады. Әл-Фараби тағы бір сөзінде: «Қандай да болсын бір зат бақытқа жету үшін пайдалы болғанда ғана игілік болады, ал оған қалай да болса бөгет жасаса, ол жауыздық болады» [1, 213 б.] - деп, игіліктің бақытқа жеткізетіндігін, ал адамның барлық игі іс-әрекеті ізгіліктен туындайтындығын ескерткенді. Яғни, ізгілік - адамның рухани арқауы және бұл Әл - Фарабиден Хакім Абайға дейінгі аралықтағы қазақ руханиятындағы өрісін жоймаған, мәңгілік тақырыптардың бірі.

Ізгілік категориясының пәлсапалық мәндегі терең түсінігі «Құтты Білік» шығармасында талданады. Онда Айтолды сауалы Елік патшаға былайша жолданады: «Ізгілік не? Тегі қандай өзінің?! Мінез-құлық, ісі қандай ізгінің?!» [2, 126 б.]. Сауалға Елік патшаның жауабы:

- Ізгіліктің нышаны –

Ел пайдасы үшін құрақ ұшады.

Ізгілікте ізгілігін сатпайды,

Кісілерге өз міндетін артпайды.

Қайырымды қайырым етпес есеппен,

Есе күтсең – ұрғанмен тең кесекпен» [2, 126 б.].

Яғни, Елік патшамен ізгілік - ел ісі, ел мүддесі үшін жасалатын қайырлы да, мақсатты құндылықты хәрекет екендігін ұғындырылады. Ал, Елік патша тұлғасы - Күнтуды, қара тасты қақ жарған нақ әділеттің, заңның дәл өзі.

Күнтуды бек – ізгілік жолында жүрген адам. Айтолды да бек бейнесіндегі ізгілікке құштар. Айтолдының Күнтуды бекке көрсеткен қызмет, ықыласты көңілінен құт-берекенің ізгілікке қонатынын ұғамыз. Күнтуды бек те Айтолды мен оның туыстарын ізгілікті құрайтын адамгершілік асыл қасиеттері үшін қадірлейді. Әңгіме-сұхбат барысында да ізгілікке іңкәрлік жиі айтылады.

1985.Ізгі жүрек ізгілікке бұлқынар,

Асыл текті тазалыққа ынтызар.

3270. Ізгілікке іңкәр адам баласы,

Ардақтаймын,болса кісі сарасы.

5705. Кісі көңілі ізгілікті ұнатар,

Үмітпенен өзін-өзі жұбатар.

Дастанның құрылымында символдық сипат ерекше орын алады. Әділет бейнесіндегі Күнтуды – ізгіліктің сақшысы. Оның бек, Елік сипатында келуі құт-береке, ақыл-ой, қанағат-рақымның ізгілікке кіріптар, ізгілікке құштар екенін көрсетеді.

Түркі әлемінің асыл қазынасы ғұлама Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» шығармасы мазмұндық жағынан «Құт білімі» деп топшалады. Мұндағы екі ұғымда маңызды саналады. Бірі «Құт» ұғымы болса, екіншісі «білім» ұғымы. Көріп отырғандарыңыздай, шығарма атауында екі ұғым синкретті мәнде беріледі. Бұл дегеніңіз,

шығарма атауында «құт туралы білім» және «білімнің өзі құт» әкелетіндігі меңзелінеді. Яғни, құт білімі кісі санасы мен мінезіне ұяламай, кісінің өзін-өзі тануы мен кісілік кемелделік жүзеге аспайды. Жүзеге асқанның өзінде адасушылыққа апарады. Ал, адасқан адам өзінің адасып бара жатқанын біле ме?! Қиын мәселе! Хакім Абай айтқандай, алды жөн, арты соқпақ санаумен болады. Міне, ғұлама Жүсіптің айтпағы осы. Кісі өзінің ізгі қасиетімен қадірлі болса, ізгі қасиеттердің өзі ізгілік жолымен келеді және кісілік мұрат құт пен бақты табатын да осы - ізгілік.

Құт пен ізгілік – егіз ұғым. Құт пен бақтың бір жерде тұрақтамай, көшіп–қонған кезбе күйі заманына, адамына қарай қалыптасқан салыстырмалы, шартты түсінік. Көрген көз, естіген құлақ сөйтіп түйін түйген танымда жазық жоқ. Адамдық қасиет пен тірліктің шыңына шығып, басындағы бағын мәңгілік еткен адам аз. Содан да құт пен бақ өзіне жайлы орын таппай, ізгілік іздеп, шарқ ұрып кезбе атанған. Ал ізгілік – мәңгілік кепілі [3].

Яғни, бұдан шығатын түйін, ізгіліксіз адамның жетілуін, кемелденуін елестете алмаймыз. Бізге белгілі құт ұғымының семантикалық алаңындағы [4, 471-475 б.] ұғым-түсініктердің мәні соған саяды.

Құт адамның өміріндегі орын алатын күллі жақсылықтардың бастауы мәнінде түсініледі. Құт бар жерде не нәрсе де жанданады, кемелденеді, адам, қоғам ілгері басады, береке болады, ырыс толады деп біледі. Ілкіден халқымыз ізгілік басы - құт, құт - жақсы сөз деп, оны жарым ырыс санағанды. Себебі, киелігі бір төбе - құт - Тәңір жарылқауы. Кісіге қаратып жақсы сөз жолдау, шарапаттылық ізетпен жылы шырай таныту бір ғанибет және кісі ұлы Тәңірге осы бір ізгілігімен жағады, ондай кісіні Тәңірі өзі жарылқайды деп түсінілгенге ұқсайды. Кісілік парыз саналатын қазақтың «Құт болсын!» жылы лебізінде де шат көңілмен бірге Тәңірге ұнамды болу ізгі де, игі хәрекеті жатқандай көрінеді.

Құт ұғымының ізгілік мәні қазақ ғалымдарының іргелі зерттеулерінде: «қазақ діліндегі әдептік бастаулардың іргелі атауларының бірі» [5, 3б.]; «қазақ халқының дүниетанымындағы ізгілікті тұғыр» [6,33б.]; адамшылық өлшемі [7, 52 б.] мәнінде көрсетілсе, танымал ғалым Ә. Нысанбаев: «Шынымен де қазақтың ұлттық болмысында «құт» деген терең ұғыммен өмірдің барлық саласы байланыстырылады. Кез-келген әлеуметтік немесе рухани құбылыстың мағыналық, мазмұндық, құндылықтық көрінісі жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болмаса, онда оның өзіндік келбетінің әлеуметтік субъект үшін мәні де жоғалатыны анық. Бұл тұжырымдар өз кезегінде өткен тарихи кезеңдердегі және қазіргі таңдағы әлеуметтік процеске әлеуметтік практикаға берілген жан-жақты

және оңды аксиологиялық сипаттама болары сөзсіз» [8, 85-86б.] - дегенді.

Бұл ретте біздің айтпағымыз, толеранттылық өздігінен бола салатын немесе жүзеге аса кететін нәрсе емес. Ол кісінің ізгі ниетінен, елдік, ар-намыс, қайырымдылық, жауапкершілік, кішіпейілді болу, төзім, қанағат, мейірімділік сынды ізгі қасиеттерімен қалыптасатын үдерісті құбылыс. Ал бұл ізгі қасиеттер – ұлттық бірегейліктің негізгі тұтқасы. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев ұлттық бірегейлікті сақтау, ұлттық кодынды сақтау жаңғырудың басты шарттары деп көрсетіп, «Егер жаңғыру елдің ұлттық рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды» дегенді.

Толеранттылық жөнінде танымал қоғам қайраткері, ғалым, ұлттанушы Амангелді Айталы «Егемен Қазақстан» баспасына берген бір сұхбатында: «Толерантность (толеранттылық) сөзін «төзімділік» деп аударып жүрміз. Шындығында, оның мәні қазақ тілінде терең: төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деп жалғастыра беруге болады»[9]-деп, толеранттылықтың бір интерпретациясы ізгілік екендігін атап көрсеткенді. Расында да «толеранттылық» ұғымын бір ғана «төзімділік» сөзіменен тарқата салу ұғым мәнін толыққанды ашпайды деп ойлаймыз. Толеранттылықты ізгілік өлшемінде ұғынылғанда ғана жеке адам үшін немесе бүтіндей халық үшін құтты, қайырлы болады демекпіз.

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1 Әбу Насыр Әл-Фараби. Әлеуметтік – этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 364 б.

2 Әдеби жәдігерлер: 20 т. / Жүсіп Баласағұн. Құтты білік /Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған Егеубаев А.Қ. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2007. – 5 Т. – 536 б.

3 Қойшиева Л. Орта ғасыр жәдігерліктеріндегі рухани ізгілік, адамгершілік мәселесі (Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны негізінде) / Л. Қойшиева // <https://old.sunna.kz/kz/last/view?id=108> 04.03.2013.

4 Надеяев В.М. Древнетюрский словарь / В.М. Надеяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. – Ленинград: Наука, 1969. – 677 с.

5 «Қазақ этикасы және эстетикасы»: 20 т. / Құрас. Ғабитов Т.Х., – Астана: Аударма, 2007. – 12 т. – 455 б.

6 Қазақ философиялық ойы эволюциясындағы еркіндік идеясы: многография / К.М. Қоңырбаева, З.К. Шаукенова, С.Е.Нұрмұратовтың. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану, 2013. – 216 б.

7 Ошақбаева Ж.Б. Дүниетанымдық әмбебаптар: тарих пен тағылым / З.К.Шаукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2014. – 242 б.

8 Нысанбаев Ә. Қазақстан халқының рухани-құндылықтық әлемі // З.К. Шаукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2015. – 178 б.

9 // «Егемен Қазақстан» газеті. – 2006. – 31 наурыз. – № 90.

## ТОЛЕРАНТНОСТЬ И МЕЖКУЛЬТУРНЫЙ ДИАЛОГ

*Каскарбаева З.А.*

*магистр педагогических наук  
ст. преподаватель кафедры философии  
КАТИУ им. С. Сейфуллина  
г. Астана*

Современный этап общественного устройства включает, что достижения информационных технологий, новая техника делают народы похожими, в то время как культуры несут в себя различия. Этнические различия и особенности человеческого характера обладают определенной консервативностью, их изменения происходят не сразу за изменениями экономическими и политическими, а сравнительно медленно. Целый комплекс социально-культурных и психологических особенностей определенного этноса характеризуется повышенной устойчивостью, что способствует сохранению национальных различий людей. Поэтому в коллективах, где осуществляется сотрудничество представителей разных этносов, возникают благоприятные условия для осуществления межкультурного диалога, ведущего к взаимопониманию людей, а также к взаимообогащению культур, формированию толерантного отношения к представителям иных народностей, рас, конфессий.

Несмотря на разнообразие подходов, преобладающее место занимают следующие подходы к сущности этнической толерантности: этническая толерантность как установка; как ценность; как черта национального характера; как особая характеристика, способность человека. Также, достаточно часто толерантность определяется через понятие терпимости [1].

Важнейшей характеристикой демократического государства является толерантность взглядов и суждений его граждан. Развитие